



# ТІЛ – ИНСТИНКТ

Сөздер, сөздер, сөздер



**Жоспары:**

1. «Грамматика» сөзінің шығу тарихы.
2. Түбір сөздерге жалғау, жұрнақ, қосымшалардың жалғануы.
3. Етістіктердің түрленуі.
4. Сөз формасының жасалуындағы өзгерістер.
5. «Грамматика» сөзінің шығу тарихы.

Бұл дәрісімізде тілдегі барлық сөздердің жиынтығы мағынасында қолданылатын ЛЕК-СИКАҒА арналады. Сондықтан дәрістің атауы «Сөздер, сөздер, сөздер» деп аталады.

Менталділік грамматикаға қарағанда менталдық сөздігі көпшілікке танымал емес. Бір қарағанда бұл тек қана механикалық түрде еске сақтау үшін жазылған сөздер тізімі. Гректің лексикос – сөздік, графос – жазу, жазамын деген сөздерінен алынып біріктіріліп, тіл ғылымында бір тілдің сөз байлығын, қолданылып жүрген сөздерді жинастырып, жүйеге келтіретін лингвистиканың лексикография саласы. Лексикография мамандарын Сэмюэл Джонсон зияны жоқ еңбекқор, бірақ қызықсыз нәрсемен айналысатын мамандықтарға жатқызған.

Алайда бізді қызықтыратын Стивен Пинкердің көзқарасы ондай емес. Сөз әлемі өте қызық және ғажайып нәрсе. Сөз тек қана ми архивынан алынбайды, ол адамзаттың менталдық ережесі бойынша құралады.

Glamour «Сиқырлық» сөзі «Грамматика» grammar сөзінен шыққан, хомскиан революциясы заманынан бері келе жатқан сөз. Ментальды грамматиканың тудырушы күштілігі – ережелердің шектеулі жиынтығының көмегімен шектеусіз ой-пікірлердің санынан берілетін қабілеттіліктерді көрсетуі мүмкін. Өмір негізін көрсететін, механизмдер арасындағы байланыстарға алып келетін, яғни генеративті грамматиканы түсіндіретін «Грамматикалық адам» атауын білдіретін материя мен сана туралы кітап және нобель дәрісі болуы мүмкін бе?

Ментальды грамматиканың ментальды сөздіктен айырмашылығы ешбір айрықша көрінген емес. Ол адам есінде сақталатын әрбір сөздер тізбесі болып табылады. Сэмюэл өзінің «Сөздік» деген еңбегінің алғышартында былай жазады:

«Өкінішті өмір – ешбір мақтауы жоқ жұмыспен айналысатын адамдарда болады, игі болашақ істерден гөрі ессіз қорқыныштар болуы мүмкін; алғыс алуға ешбір үмітсіз өзін-өзі азаптауы; әділетсіз сотпен ар-намысын қорлау, жетістіктері марапатталмайды, шын жүрекпен атқарылған жұмыстары ешбір сый-құрметсіз қалады. Осындай бақытсыз өмірден озғандар қатарында сөздікті құрастырған адамдар да болды».

Джонсонның өзіндік сөздігінде лексикография сөздің мәнін бөлшектеп түсіндіретін, сөздің шығу тегі мәселесін қарастыратын ешқандай ренжімейтін еңбекқор деп анықтама береді.

Сөздер әлемі – синтаксис әлемі сияқты өте таңғажайып әлем. Біріншіден, сөздер туындысын адамдар ешқандай шектеуін білмейді (синтаксистік топтар мен сөйлемдер аймағындағы шығармалар сияқты және т.б.). Екіншіден, сөздердің әрқайсысын жеке-жеке есте сақтау өзіндік жеке қабілеттілікті қажет етеді.

Ваг-тест (wug-test) – мектеп жасына дейінгі балаларда есте сақтауда қиындық тудырмайды. Ваг-тестіге мысал: Міне, олар екеу. Суретте екеу көрсетіліп тұр. Алдымен, балаға мұндай тапсырманы бермес бұрын, бала бұл сөзді қалай айту керектігін бұрын соңды естімеген «ваг» «wug» сөзін айтқанда ешкім оны мақтамаған. Осыған байланысты сөз ментальды мұрағаттан жай ғана шықпайтынын көрсетеді. Адамдар жаңа сөздерді ескі сөздерден құрастыруда ментальды ережені ұстану қажет: зат есімдерден көпше түрдегі сөздерді құрастыру үшін суффикс «+s». Адам тіліндегі өткір ойлы механизм бар (тіл – бұл дискретті комбинациялық жүйе болып табылады): ең кем дегенде екі аймақты сөйлемнен синтаксис ережесі бойынша сөздерден синтаксистік топтар құрылады, ал сөздің өзі морфология ережесі бойынша басқа да топтардың аз бөліктерінен құралады.

**Түбір сөздерге жалғау, жұрнақ, қосымшалардың жалғануы**

Түбір сөздер ментальды сөздікте өздерінің жеке бір қызық мағыналарымен сақталады. Бұл күрделі негіздердің көбі бастапқыда, ғалымдар көптеген сөздер мен қосымшаларды



ағылшын тіліне сол кездерде оқытылған латын және француз тілдерінен осы тілдерге тән кейбір ережелерді пайдалана отырып енгізген, Қайта өрлеу, яғни ренессанс дәуірінен кейін қалыптасқан.

Қазіргі кезде ағылшын тілінде сөйлейтіндер бұл сөздер туралы түсінігін дыбыстардың гомогенді тізбегі ретінде қарастырмай, ағаштар түрінде ойша талдайды деуге негіз бар. Себебі electric пен – ity арасындағы ажырау табиғи нүктесін сеземіз. Біз сол сияқты electric пен electricity сөздері арасында туыстық байланыс бар екенін де, құрамында – ity бар кез келген басқа сөз зат есім болу керектігін де мойындаймыз.

Бұл модельдің белсенді түрде қолданылмайтын ереженің салдары екенін біле отырып, сөз құрамындағы сөзжасам моделін таба білу қабілетіміз сөз ойнатудың тұтас жанрына қан жүгіртеді (импульс береді). Өз-өзіне сенімді ауызша және жазбаша мәтін авторлары латын түбірлі жұрнақтардың religiosity «дінилік», criticality «сынилылық», systematicity «жүйелілік», randomkity «ойда жоқ негіз бойынша таңдау», insipidify «икемдеу», calumniate «жала жабу», conciliate «тыныштандыру», stereotypy «стереотипті» т.б. қайта біріктіру сөздермен аңғарылады. Бернард Шоу шығармашылығына қатысты ұқсастығы бойынша жаңа туынды сөздер жасау мүмкіндіктерін жиі кеңейтіп отырады. Бұл сөздер өте ауыр әрі аса байыпты болғаны соншалық, стильдің өзін пародия үшін нысан етіп тұр.

«Шылдырау «gang», spring «секіру» – sprang, swim «жүзу» – swam және sit «отыру» – sat немесе blow «үрлеу» – blew, know «білу» – knew, grow «өсу» – grew, throw «тастай» – threw, fly «ұшу» – flew және slay «жансыздандыру» – slew. Мұның себебі қазіргі тілде өткен шақ формасын жасағанда – ed жалғауын жалғау ережесі қалыптасқаны сияқты мың жыл бұрын көне үндіеуропалық тілде – ағылшын және басқа да еуропалық тілдердің баба тілінде өткен шақ формасын жасағанда бір дауысты дыбыс екіншісіне ауысады деген ереже болған. Қазіргі ағылшын тіліндегі «бұрыс», немесе «күшті», етістіктер – осы ережелер әсерінің жай қалдығы десек те, бұл ережелердің өзі қазір жоқ. «Бұрыс» ұяға кіруге толық мүмкіндігі бар етістіктердің көбі қандай да бір айқын себепсіз оған кірмейді.

Адамдар өткен шақтың әр формасын жай ғана жеке-жеке есте сақтап қалатын болар.

«Ессіз ағылшын тілі» кітабында Ричард Ледерердің «Foxen in Henhice» («Тауық қорадағы түлкілер») атты мақаласы бар, онда ережеден тыс жаңа сөздерді жасауда көптік жалғау формасының қалай есі кетіп жатқаны берілген: booth «телефон дүңгіршегі» – beeth (booths орнына), harmonica «гармонь» – harmonicae (harmonicas орнына), mother «ана» – methren (mothers орнына), drum «барабан» – dra (drums орнына), Kleenex «гигиеналық майлық» – Kleenices (Kleenexes орнына) және bathtub «су жүретін шүмек» – bathtubim (bathtubs орнына). Хакерлер faxen «факстер» (faxes орнына), VAXen «ВЭКтер» (VAXes орнына), boxen «қораптар» (boxes орнына), meese «тінтуір» (mice орнына) және Macinteesh «Макинтоштар» (Macintoshes орнына) формаларын қолданады. «Ньюсвик» журналы бір жолы ақ және жасанды гаухар таспен көмкерілген плащ киген Лас-Вегастик шоумендер жайлы Elvii10) деп айтты. Peanuts комикалық сериалда мисс Отмар мұғалім бір жолы сыныпқа жұмыртқа қабығынан эскимостық igli деп атаған «ине» жабыстыруға бұйрық берді. Мэгги Салливан күшті («дұрыс емес») болатын етістіктерді көбірек жіктеп ағылшын тілін «күшейтуге» шақырып, «Нью-Йорк Таймде» мақала жазды. Бұл жерде мынандай мысал келтіріді:

Subdue, subdid, subdone: Nothing could have subclone him the way her violet eyes subdid him «Оны күлгін көздері табындырғандай басқа ешнәрсе табындыра алмас еді».

Бостонда Логан әуежайына қонған әйел туралы ескі қалжың айтылады, ол такси жүргізушісінен мынаны сұраған: Can you take me somewhere where I can get scrod? «Сіз мені «scrod» (ерекше тәсілмен әзірленген нәлім (теңіз балығы) дәмін тата алатын қандай да бір жерге апара аласыз ба? Жүргізуші жауап берді: «Ооо, мен алғаш рет мұны ашық рай формасында плюсквамперфектте естіп тұрмын».

Кейде ойнақы не «керемет» дыбысталатын сөз формасы қабылданып, «тіл иесінің барлық қауымдастық шеңберінде таралады, бұл catch «аулау» – caught «аулады», teach «оқыту» – taught «оқытты» ұқсастық бойынша және қазір де sneak «сырғу» – snuck «сырғып кетті», stick «жапсыру» – stuck жабыстырды ұқсастық бойынша жасалған сөздермен де жүз жыл бұрын да орын алған. Өз қалауы бойынша бұрынырақта қалыптасқан формаларды сақтаған диалекттермен салыстырғанда бұл процесс анық байқалады.



## Етістіктердің түрленуі

Өткір тілді, әуесқой, тіл зерттеушісі Х.Л. Менкен Американың жергілікті диалектілерінде кездесетін өткен шақ формасы туралы көптеген қызық деректерді жинаған, мысалы: heat «жылыту» – het (bleed «қансыраумен» ұқсастығы бойынша – bled).

Грамматикадағы тұрақсыздық адам өзімшілдігі мен таңғажайыптылықты ұнату әсерінің нәтижесі сияқты. «Рационалды ұйымдастырылған» эсперанто, Оруэлл романындағы жаңа тіл немесе Роберт Хайнлайнның «Жұлдыздарға арналған уақыт» атты фантастикалық романдағы жалпы планеталық Лиганың Көмекші үстеуі сияқты тілдерден тұрақсыз формалар әдейі алынып тасталған сияқты. Мүмкін, осындай біртектестікке қарсы үндеу ретінде «Нью-Йорктік кітаптық шолуда» бір әйел өмірлік дос-нонкомформашыны іздеу туралы ақпаратты енгізген келесі жеке хабарландыру шықты:

«Грамматикалық «дұрыс еместік» және оны адамдардың қабылдауы туралы қорытынды тұжырымды жазушы Маргерит Юрсенар жасады: «Логикалық ереже мен еркін сөз қолданысымен араласқан грамматика жас санаға оған кейінірек заң және этика, адамның мінез-құлқы туралы ғылымдар, сонымен қатар адамның түйсік арқылы алынған тәжірибесінің барлығын белгілейтін жүйелер ұсынылады, соңынан болатынды алдын ала сезінуді ұсынады».

Адам рухы еркіндігімен байланысты белгіге қарамастан тұрақсыздық сөзжасам жүйесіне мықты отырғызылған, ал функционалдық тұрғыдан жүйе ең керемет болып табылады. Тұрақсыз формалар түбірлік болады, олар негіздерге кіреді, ал негіздер кейбіріне тұрақты түрде сөз түрлендіру ережесі қолданылатын сөздерге кіреді. Мұндай көпқабаттылық көптеген қолданыстағы және қолданыстан шыққан ағылшын сөздерін анықтап қана қоймайды.

## Сөз формасының жасалуындағы өзгерістер

«Кез келген стилистика немесе грамматикадан өзін-өзі оқыту бойынша нұсқаулыққа көмекке жүгінсеңіз, олар неліктен сөз формасын жасауда тұрақсыздық орын алатыны жөнінде бір немесе екі түсініктеме береді. Алайда барлық түсініктеме дұрыс болмайды. Біреуі ағылшын тіліндегі «бұрыс» сөздер тізімі жабық десе; тілде қалыптасқан кез келген форма ереже бойынша жасалуы керек. Дұрыс емес: егер мен re-sing «қайта ән салу» немесе out-sing «асырып ән айту, біреуден артық ән айту» сияқты жаңа сөздер ойлап шығарсам, онда олардың өткен шақтағы формасы re-singed және out-singed емес re-sang және out-sang болады. Тура солай, жақында мен Қытайда мұнай шығаратын жерді айналып жүгіріп шығып, шағын ыдысқа күзетілмейтін ұңғымалардан мұнай жинайтын шаруалар бар деп оқыдым», – деп Стивен Пикер айтады. Мақалада оларды oil-mouses «мұнай тышқаны» емес, oil-mice деп атаған. Екінші түсініктеме бойынша сөз fly out «допты қайтару» бейсболда сөзбе-сөз «ұшып шығу» сияқты тура емес жаңа мағына ие болғанда, бұл мағына сөз формасының ереже бойынша жасалуын талап етеді. Өзінің «дұрыс еместігі» бұзылмайтын «бұрыс» зат есімге негізделген басқа да көптеген метафоралар сияқты.

«Flied out және Walkmans» сөз формалары үшін нағыз ұтымды түсініктеме құрамындағы дара сөздердің мағынасынан күрделі сөз мағынасын айырып көрсетуге мүмкіндік беретін алгоритмнен туындайды. Естеріңізге түсіріңіздерші: бір үлкен сөз ұсақ бөліктерден құралса, ол өзінің барлық ерекшелігін өз құрамындағы ең соңғы бір элементтің өзегінен алады.

Егер low-life сөзі life элементінен өз мағынасын ала алмаса, онда ол одан көпше түрін де ала алмайды. Life пен ұқсас lives тұрақсыз формасы low-life тұтас бір сөзінде таратылу мүмкіндігі болмай менталды сөздікте бұғатталды. Өмірдің барлық жағдайына қолданылатын «-s жұрнағын жалға» стандарт ережесі басқа амал болмағандықтан күшіне енеді де, біз low-lifestі аламыз. Тап осындай саналы түрде қалыптаспаған себептен сөйленімде tic түрін емес, жолбарыс түрін білдіретін saber-teeth «семсертісті»; табан түрін емес, нәзік табанды балаларды білдіретін tenderfeet сөзбе-сөз «нәзік табан» – скаут ұйымына жаңадан келгендер; табан түрін емес, полицейлерді жаргон тілінде атауды білдіретін flatfeet сөзбе-сөз «жалпақ табан»; өмір түрін емес, сурет түрін білдіретін still lifes «натюрморттар» сөзбе-сөз «тыныштық тапқан өмір» сияқты сөз түрленімдері пайда болады.



SONY фирмасының «Walkman» портативті магнитофоны пайда болғалы ешкім мұндай қос магнитофонды нақты қалай атау керек екендігін білмейді: Walkmans немесе Walkmen. Бұл сөздің өзегі болмағандықтан Walkmans деп айтқымыз келіп тұрады: Walkman тура «келе жатқан адам» – бұл адам түрі емес, сондықтан ол өз мағынасын өзінің құрамындағы тап сөзінен алмауы керек; логика тұрғысынан өзексіз сөзден, тап сөзінен көпше түрін алмауы керек.

«Maple Leafs – Үйеңкі жапырағы» сөзіне келер болсақ, көпше түріндегі зат есім бұл leaf – жапырақтан тұратын зат емес, алайда ұлттық канадалық белгі болып табылатын Maple Leaf – жалқы есімге негізделген зат есім. Жалқы есім зат есіммен бірдей емес. Мысалы, зат есім алдында артикль тұрса, мәселен, the, жалқы есім алдында тұра алмайды: біреуді the Donald деп атауға болмайды, егер сіз ана тілі чех тілі болған Ивана Трамп болмасаңыз. Сонымен, а Maple Leaf тура аударғанда, «Үйеңкі жапырақтар командасының біреуі» (айтарлық, қақпашыға қатысты) зат есімі өзексіз болу керек. Себебі бұл зат есім емеске негізделген зат есім. Ал өзінің компоненттерінің біреуінен зат есімдік қасиетін ала алмаған зат есім одан сөз түрлендіру тұрақсыздығын да ала алмайды.

Осылайша менталды сөздіктен түбір мен негіз енгізілетін сөз құрылымы ағашының ең төменгі сатысында тұрақсыз түрлері болады.

Сөз құрылымы теориясы бұл фактіні жеңіл түсіндіреді. Өздерінің бейстандарттығынан тұрақсыз көпше түрі менталды сөздікте сақталуы керек, түбір немесе негіз сияқты оларды ереже бойынша жасауға болмайды. Осындай сақтау шарттарының арқасында оларды жаңа негіз жасау үшін бар негізді екінші негізге қосатын күрделі сөз жасау ережесіне енгізуге болады. Алайда тұрақты көпше түрі – бұл менталды сөздікте сақталған негіздер емес, сөзтүрлендіру ережесі бойынша қажетті кезінде бірден жасалатын күрделі сөздер. Шығу мәліметі тек менталды сөздіктен алынатын күрделі сөз жасау ережесіне қолжетімді болу үшін «түбірден – негізге – сөзге» процесінде оның компоненттері бірге тым кеш бірігеді.